

Көбеев, Е.

Жоғары білімнің қарашаңырағы: Бүгін Қарағанды мемлекеттік университетінде академик Евней Бөкетовтің ескерткіші ашылады / Е. Көбеев, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері // Орталық Қазақстан. - 2006. - 12 желтоқсан



Ұлы дәуір көшіне ілесіп, әлемдік өркениеттер даму жолында тұрған егемен еліміздің қалыптасып, нығаюына Елбасымыз Н. Назарбаевтың ісіңірген еңбегі зор. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы даму стратегиясы бірнеше этаптық реформалардың, стратегиялардың жүзеге асуымен байланысты. Осыдан он бес жыл бұрын 1991 жылғы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялаған жас та егемен ел қазір іргелі мемлекет.

Тарихын қайта жаңғыртып, бүгінгі терең сараптап болашағына кемел көз жүгірткен, жұдырықтай жұмылып, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел. Ал, әріден қарасаңыз, осының барлығы да оңайлықпен келмегенін еш қиындықсыз байқауға болады, Алыс және жақын шетелдермен бірлесіп, ғылым, білім, экономика, саясат, т.б. қай салада болсын келіссөздер жүргізу, екі елдің бір-бірімен тәжірибе алмасулары, өндіріс саласына жаңашыл бағыттағы саланы бірдей қамту, әрине, бәсекеге қабілетті бола білу - барлық саланы бірдей қамту, әрине, кемел басшының қайраткерлігімен, мықты саясаткерлігімен ғана орындалады. Бүкіл әлемге, мемлекетімізді, оның экономикасын, білімін, мәдениетін, өркениетін, дінін, тілін, ділін таныту Елбасымыз Н. Назарбаевтың алғыр басшылығымен жүзеге асуда.

Білім беру жүйесінің жаңа даму кезені Президент Н. Назарбаевтың 2004 жылдың 11 қазанындағы жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен белгіленді. Осы бағдарлама мемлекеттік саясаттың білім саласындағы стратегиясын, негізгі бағыттар мен міндеттерді және оларды жүзеге асыратын тетіктерді айқындайды. Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мемлекет тәуелсіздігі, еліміздің ілгері дамуының қалыптасуы мен нығаюының іргелі бөліктерін құрайтын осы бағдарламаны басшылыққа алып отыр. 2004 жылдан бастап университет халықаралық білім жүйесіне алғашқы қадам жасай бастады. Тәуелсіздік туын биікке самғатып, қазақ жеріне, еліне кең даланың бостандығын бұйыртқанына да он бес жыл болыпты. Осы уақыт аралығында еліміздегі жоғары оқу орындарының бірі Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік

университеті де ел тәуелсіздігіне, оның нығайып, көркеюіне өзіндік үлесін қосты. Ең алғаш рет Қарағанды топырағында 1938 жылы 9 мамырда негізі қаланған мұғалімдер институтының кейіннен мемлекеттік университет дәрежесіне дейін көтеріліп, қазақ тарихында, қазақ топырағындағы екінші университет, іргелі білім беретін оқу ордасы боларын кім білген?!

Бүгінгі таңда еліміздегі беделді жоғары оқу орны болып табылатын ҚарМУ еліміздің он бес жылдық тәуелсіздігі мерекесін үлкен жетістіктермен қарсы алуда. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың басындағы тарих жылнамасына көз жүгіртсек, еліміздің тәуелсіздігін жариялағалы бері біраз айтулы оқиғалар ҚарМУ тарихындағы үлкен жетістіктермен тұспа-тұс келді. Ел тарихындағы елеулі оқиғалар тізбегіне өзіндік үнін қосқан білім ордасының да атқарған істері мен жемісті еңбектері соның бір айғағы.

90 жылдардың басы республиканың саяси және экономикалық дамуында болған елеулі өзгерістермен ерекшеленеді. КСРО құлдыраған уақыттан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Нарықтық экономикаға көшу, республикалар арасындағы салааралық және құрылымдық байланыстардың бұзылуы жағдайында қазіргі заманға сай жоғары университеттік білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлау мәселесі ерекше мәнге ие болды.

1991 жылдың 16 тамызында Қазақ КСР Министрлер кабинетінің қаулысымен Қарағанды мемлекеттік университетіне осы білім ордасының тұңғыш ректоры, академик Е. Бөкетовтің есімі берілді. Бұл - университетіміздің тәуелсіздікпен бірге келген алғашқы жетістігі еді.

2005 жылы академиктің 80 жылдық мерейтойына арналған дайындық кезінде Евней Арыстанұлына ескерткіш орнату жоспарланған болатын. Ш. Уәлиханов, К. Салықов, Н. Оразалин, Т. Молдағалиев, А. Қошанов, С. Қирабаев, Б. Әшімов бастаған бір топ қайраткерлер, зиялы қауым өкілдері Елбасына Евней Арыстанұлының есімін мәңгі есте сақтау үшін оған ескерткіш орнату керектігін айтып, хат жолдаған еді. Президент Н. Назарбаев бұл ұсынысты қабыл алып, Қарағанды облысы әкіміне Евней Арыстанұлы Бөкетовке арналған ескерткішті орнату туралы міндет жүктеген және облыстық Мәслихатының X сессия шешімімен ескерткіш тұрғызуға 10 миллион теңге бөлінді. Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ғылыми кеңесінің шешімімен ескерткіш орны анықталып, қажетті құрал-жабдықтар бөлінді. Бұл ұсыныс Қазақстан Республикасының ескерткіштер және монументтер бойынша мемлекеттік комиссиясында қаралып, қолдау тапты. Соның негізінде 2004 жылы 12 тамызда Қарағанды қалалық әкімшілігінің архитектуралық-қалақұрылысы кеңесінің отырысында қаралып, ескерткіштің көркемдік жобасының авторлары болып архитектор С. Мордвинцев пен сәулетші А. Билық тағайындалды. Ұзындығы 4,68 м. болатын, қола мен граниттен жасалынып жатқан академик ескерткішін орнату жұмысы қызу жүргізілді. 2006 жылдың 12 желтоқсан күні ескерткіштің ашылу салтанаты болады. Қарағанды мемлекеттік университетінің ұжымы атынан облыс әкімі Н. Нығматулинге және облыстық Мәслихаттың депутаттарына академик есімін қайта жаңғыртып, ел есінде мәңгі жатталып қалатындай ескерткіш орнату барысында бірлесе жұмыс істеп, көмек көрсеткендеріңізге үлкен алғысымызды білдіреміз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі және Ғылым Академиясының қолдауымен 1992 жылы ҚарМУ-де қолданбалы математиканың ғылыми-зерттеу институты ашылды. Бірер жылдан соң ботаника бағы, одан кейін шет тілдер факультеті, журналистика кафедрасы, Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының бірігуімен Орталық Қазақстанның археология бөлімі ашылды.

1995 жылдың қаңтар айында ҚарМУ-де жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру факультеті өз жұмысын бастады, 1996 жылдың қазан айында оның жанынан колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру бөлімі құрылды. «Қарағанды университетінің хабаршысы» ғылыми журналы да 1996 жылдан бастап шыға бастады. 2004 жылдан «ҚарМУ хабаршысы», «Химия», «Математика», «Физика», «Экономика», «Педагогика», «Филология», «Биология. География. Медицина», «Тарих. Философия. Құқық» атты 8 серия бойынша шығатын болды. Сонымен бірге ҚарМУ-де ғылыми журналдан бөлек, «Жастар әлемі - Мир молодежи» атты аймақтық студенттер газеті де шыға бастады. Қазір де ҚарМУ студенттері арасында тегін тарайтын бұл газеттен университетте өтіп жатқан іс-шаралар, жаңалықтар, конференциялар, әр түрлі семинарлар жайлы ақпараттар жарияланып, студент жастардың шығармашылықтарымен де тереңнен танысуға болады.

1995 жылы ҚарМУ М. Ломоносов атындағы ММУ-мен және Қазан мемлекеттік университеттерімен қызметтестік туралы алғашқы келісім шарт жасасты. Осылайша алыс және жақын шетел университеттерімен де тығыз байланыс орната бастады. Аризона, Иллинойс, Мериленд университеттері (АҚШ), Регенсбург, Дрезден, Мюнхен университеттері (Германия), Эксетер, Шеффилд университеттері (Ұлыбритания), Харбин университеті (Қытай), Ионсе университеті (Оңтүстік Корея) М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург университеті, Новосибирск университеті, Том университеті, Кемеровск университеті (Россия) - бүгінгі таңда Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың серіктестіктері болып табылады. Бүгінде ҚарМУ-де тек қазақстандық жастар ғана емес, сонымен бірге университетізде Германия, Италия, Қытай, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Россия, Украина, Белоруссия, Молдова, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан жастары да келіп білім алууда.

Инновациялық білім беру жүйесіне келер болсақ, 2002 жылы ҚарМУ-де, республикадағы жоғары оқу орындары арасында тұңғыш рет «Инновациялық орталығы» ашылған болатын. 2004 жыл ҚарМУ үшін тағы бір жемісті жыл болды. Осы жылдың қазан айында университетімізде Инновациялық орталық пен технопарк біріктіру арқылы «Инновациялық-технологиялық орталығы» құрылды. Ондағы мақсат - Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарына арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы мен Қазақстан Республикасының 2005-2015 жылдарға арналған ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында университеттің инновациялық әлеуетін тиімді пайдалану жүйесін дамытуды қамтамасыз ету. Бұл орталықтың басым міндеттері:

- экономиканың нақты секторының инновациялық өнімде қажеттілігін

қанағаттандыру мақсатында жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу ұйымдар мен өнеркәсіптік, кәсіпкерлік салалардың күштерін біріктіру;

- қолданбалы зерттеулерді «зерттеу-өңдеу-өнеркәсіптік игеру» бірыңғай ғылыми өндірістік айналым бойынша экономиканың аймақтық салаларының мұқтаждықтарын ғылыми-технологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағыттау;

- университеттің озық ғылыми-техникалық жетістіктерін өндіріске енгізу;

- ғылыми өңдеулерді тиімді саудаға салуға мүмкіндік беретін тетіктерді жетілдіру, ғылыми-зерттеулерді өткізу және өнертапқыштық қызметті жандандыру үшін материалдық базаны күшейту;

- инновациялық істерге отандық және шетел инвестицияларын тарту үшін инновациялық жобаларға жәрдем беретін инфрақұрылымдық элементтерді дамыту, инновациялық кәсіпкерлік өкілдеріне маркетингтік және басқару қызметтерін көрсету;

Білім беру және ғылыми техникалық саясатты жүзеге асыру инновациялық өнімдерді жасап шығарудың негізгі мақсаты болып табылады. Бұл саясат экспортқа бейімделген жоғары технология өнімдерінің қор сақтаушы және экологиялық тұрғыдан таза өндіріс әзірлеу, интеллектуалдық әлеуетті тиімді пайдалану, жаңа білімді енгізу, тарату және жүзеге асыру негізінде ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Бүгінгі таңда университеттің әлемдік қауымдастығымен халықаралық байланыстары кеңеюде. 1996 жылдың мамыр айында ҚарМУ Халықаралық университет басшылары ассоциациясының (ХУБА) мүшесі болды. 1997 жылдың сәуір айында жоғары білім жүйесінде мамандарды даярлауда қол жеткізген жетістіктері үшін ҚарМУ Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясына ұжымдық мүше ретінде қабылданды. 1997 жылдың шілде айында ҚарМУ Еуразиялық университеттер ассоциациясының толық мүшесі болып бекітілді. 2002 жылдың тамыз айында ҚарМУ ЮНЕСКО қарамағында қызмет ететін Халықаралық университеттер ассоциациясының толық мүшесі болып танылды.

2004 жылы университетімізде стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық орталығы құрылған болатын. Бұл орталықтың қызметі -2005-2010 жылға дейінгі даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін, қағидаларын жүзеге асыру.

Тәуелсіздік алған жылдардың ішінде ҚарМУ-дың жетістіктерінің бірі - орталық құрылғаннан кейін бір жылдан соң, 2005 жылдың сәуір айында

республиканың жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып еуропалық білім стандарттары бойынша халықаралық қоғамдық-кәсіптік аккредиттеу рәсімімен өтіп, еуропалық менеджментті дамыту қорының (EFCD-CAMAN) дипломын алды.

ҚарМУ - Еуразиялық Университеттер қауымдастығы (EAU), Халықаралық университеттер қауымдастығы (IAUP), Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясы (IHEAS) EdNET білім беру желісі (USAID), Орталық Азия менеджментті дамыту қоры (CAMAN) секілді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, университет «Еуразия» қоры, ИНТАС, ТАСИС, АКСЕЛС (Білім беру және тіл меңгеру саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Халықаралық кеңес), ДААД (Академиялық айырбас жөніндегі америкалық кеңесі), АЙРЕКС (Зерттеу және айырбас жөніндегі Халықаралық кеңес), DAAD (Академиялық айырбас жөніндегі неміс қызметі) Білім беру және зерттеу бағдарламалары, Британ бағдарламасы, Қазақстандағы Франция, Италия, Швейцария, Түркия, Корея елшіліктерінің білім беру бағдарламалары енетін түрлі халықаралық бағдарламалар мен қорларға белсене қатысады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2003 жылдың 1 қыркүйегінен ҚарМУ-де халықаралық стандарттарға бағытталған несиелік оқыту жүйесі енгізілген болатын. Экономика факультетінде сәтті өткізілген тәжірибе Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде студенттерді оқыту бойынша жаңа білім беру үлгісінің жаппай енгізілуі орынды екені дәлелденіп, 2004 жылдың 1 қыркүйегінен несиелік оқыту технологиясын заң, физика, химия, математика және кәсіби-көркем сурет факультеттерінде енгізуге мүмкіндік берді.

Өткен жылы университет экономикалық бағдарламалардың мамандандырылған аккредитациясын өткізуге жарияланған ашық конкурсқа қатысты. Аталмыш конкурс Орталық Азия менеджментті дамыту қорымен жарияланып, еуропалық менеджментті дамыту қорының қатысуымен өткізілді. Конкурстың қорытындылары бойынша Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Еуропалық менеджментті дамыту қоры есебінен халықаралық аккредитациядан етуге мүмкіндік алған Қазақстанның 5 жоғары оқу орнының қатарына енді. ҚарМУ Ғылыми кеңесінің шешімімен экономикалық мамандықтағы 6 мамандық, оның ішінде «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және муниципалдық басқару», «Маркетинг» мамандықтары аккредитациядан өту үшін белгіленді. 2005 жылы сәуір айының басында университетте сыртқы аудит тобы жұмыс істеді. Оның құрамында Еуропалық менеджментті дамыту қорының жобалары департаментінің директоры Кристоф Террас (Бельгия) болды. ҚарМУ-дың экономика факультетінің аккредитациядан өту рәсімі еуропалық аудит ережелеріне сәйкес жүргізілді. Олармен келісімді бизнес-мектептер басқару тиімділігі, оқу бағдарламаларының дәлдігі, профессорлық-оқытушылар құрамының мүмкіншіліктері, студенттердің дайындығы, материалдық базаның дамуы, корпоративтік байланыстардың

тұрақтылығы, халықаралық ынтымақтастықтың белсенділігі тұрғысынан бағаланды. Университетпен танысу барысында халықаралық сарапшылар әлемдік бизнес-білімнің талаптарына сай келетін ҚарМУ экономикалық бағдарламаларының жүзеге асырылуының сапасын жоғары бағалады. Аудиторлардың есебінен келісімді ҚарМУ-дың экономика факультеті аймақтық бизнес-қоғамдастықтың дамуына себепші болып, инновациялық оқыту технологияларын енгізуге жәрдемдесіп, қазіргі заманның материалдық базасын қамтамасыз етіп, білім, ғылым және өндірісті кіріктіруде.

2005 жылы 18-19 сәуірде Еуропалық менеджментті дамыту қоры (EFMD) мен Орталық Азия менеджментті дамыту қорының (SAMAN) аккредитациялық комитеті аудит материалдарын қарап, ҚарМУ-дың экономика мамандықтарын үш жылға аккредиттеу туралы шешім қабылдады. ҚарМУ-дың экономика факультеті Қазақстанда халықаралық сапа стандарттары бойынша аккредиттелген бірінші мемлекеттік факультет ретінде танылды. Халықаралық аудит қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ мамандандырылған аккредитацияны енгізу бойынша базалық жоғары оқу орны болып белгіленді. Осыған байланысты 2005 жылы маусым айында ҚарМУ-да «Білім беру бағдарламаларының аккредитациясын енгізудің мәселелері» тақырыбында республикалық семинар-мәжіліс өтті. Мемлекеттік бағдарламада жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде Қазақстанды Болон процесіне қосу үшін жағдай жасалады делінген. Қарағанды мемлекеттік университетінің әлемдік білім кеңістігіне ену үшін жасаған қадамдары, оған 2005 жылдың мамыр айында университеттердің Ұлы Хартиясына қабылданған екінші жоғары оқу орны (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан кейін) атағын иеленуге мүмкіндік берді. (Бұл ұйым 1988 жылы Болонья университетінің 900 жылдығына орай құрылған болатын. 1997 жылы осы ұйым әлемдегі университеттік білімді дамыту жолдарын айқындаған тарихи жағынан айрықша мәні бар Болон келісімінің ұйытқысы болған еді). Қазақстанда қабылданған Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының көп ережелері Болонья келісімінің қағидаларына үндес болып келеді. Бұл - еліміздің халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алуға талпыныс жасауының белгісі.

Халықаралық білім стандарттарын қолдау үшін Қарағанды мемлекеттік университеті 2005 жылы ИСО 9001:2001 үлгідегі сапа менеджментінің жүйесін (СМЖ) енгізу үшін сертификаттау үрдісіне қосылды. Аталмыш рәсім Қазақстандық «Медеу Консалтинг» ЖШС компаниясы және Швейцариялық «SGS» сертификаттау жөніндегі халықаралық органымен бірлесіп өткізіп, 2006 жылдың мамыр айында ҚарМУ халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін дәлелдейтін сертификатқа ие болды. Бұл университетіміздің Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кірудегі жасаған қадамдары.

ҚарМУ құрамына төрт мұражай кіреді. Олар:

1. 2002 жылдың қыркүйек айында құрылған ҚарМУ мұражайы;
2. 1992 жылы 19 маусымда құрылған Қазақстан Республикасы Ғылым

Академиясының академигі және Е. Бөкетов атындағы университет тарихының мемориалдық мұражайы;

3. 1985 жылы құрылған археология және этнография мұражайы;

4. «Табиғат мұражайы» (1994 жылы зоологиялық мұражай ретінде құрылған көрме залы 1997 жылы «Табиғат мұражайы» деп өзгертілді).

Мұражайлардың басты міндеттері - университеттің мәдени мұрасын сақтау, студент жастарға эстетикалық және рухани тәрбие беру, университеттің ғылыми оқу-педагогикалық, мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру және басқа да салаларындағы жетістіктерін насихаттау, сонымен бірге университеттің қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдерін зерттеу, түрлі экспонаттарды жинақтау, тіркеу, сақтау, фауна мен флораны зерттеу.

Осындай мұражайлар базасында тарих және кәсіби көркем-сурет факультеттері студенттерінің тәжірибесі, Қазақстан археологиясы бойынша дәрістер өткізіледі.

Дәл қазіргі уақытта 9 қараша мен 8 желтоқсан аралығында Астана қаласында «Екі континенттің көшпенділері» атты өткен көрмені ұйымдастыруға ниет білдірген Қазақстандағы Франция елшілігінде Ұлттық академиялық кітапхана Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен қатар Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың археология және, этнография мұражайы да қолдау көрсетті. Көрме екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімі Францияның сыртқы істер министрлігінің тапсыруымен ұйымдастырылған - «Нигериядан келген бәдуиндер. Француз географы Эдмон Берньюстің көзқарасы» атты фото-көрме және екінші бөлімі қазақ көшпенділерінің тұрмыстық құралдарының көрмесі. Бұл экспонаттар Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археология және этнография мұражайы қорынан алынған.

Біз университетіміздің жетістіктерін саралайтын болсақ, оның ғылыми кітапханасы жайлы сөз қозғамау мүмкін емес. Әрі кітапхана саласы ғылымның кез-келген саласымен тығыз байланыста болғандықтан, кез-келген оқу орнын кітапханасыз, кітап қорынсыз елестету қиын, тіпті мүмкін емес. Бүгінде университетіміздің кітапхана қоры 1,6 миллион дананы құрайды және қазақ, орыс, ағылшын, неміс, корей және басқа тілдерді де қамтитын электронды оқу құралдары бар. Әсіресе, сирек кездесетін кітаптар жинағын ерекше мақтан тұтуға болады. Бұл коллекцияда ХҮІІІ ғасырдың соңынан ХХ ғасырдың ортасына дейінгі он мыңнан астам атаулы құжат бар.

Студенттердің мәдени өмірінің ұйытқысы болып табылатын Студенттер мәдениет сарайы ұжымының шығармашылығы республикалық және халықаралық фестивальдерде, конкурстарда жүлделі орындарға ие болып, ҚарМУ қанжығасын келелі жетістіктерімен де толықтыруда. Атап айтқанда, «Жарқын» халық би ансамблі тек республикалық және аймақтық фестивальдердің ғана емес, сонымен бірге халықаралық, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркия, Мәскеуде өткен Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты, «Шабьт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің I сыйлығының иегері, Ш. Жиенқұлова атындағы II республикалық қазақ би байқауының аймақтық, республикалық студенттер фестивалінің лауреаты, Австралиядағы Қазақстан Республикасының

мәдениет күндері бағдарламасына қатысқан болатын. 2002 жылы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша «Жарқын» ансамблі Түркияда өткен Жерорта теңіз елдері студенттерінің ҮІ фестивалінде еліміздің студент жастары атынан өнер көрсетті. «Сарын» фольклорлық ансамблі үстіміздегі жылдың 14-18 қараша аралығында өткен «Жастар - Қазақстанның болашағы» атты студенттердің аймақтық ҮІІ фестивалінде ұлттық аспаптарда ән орындауда І орынды иемденді. «Шабыт» ақындар клубы да бірнеше мәрте облыстық, аймақтық, республикалық мүшәйра жеңімпаздары, студенттер айтысының лауреаттары. «Грация» спорт би студиясы, «Лица» сән театры, «Релиз» шоу балеті - университетіміздің мақтаныштары. ҚарМУ-дың «КПП» КТК командасы - халықаралық КВН Одағы Жоғары Лигасына қатысушы, ҚР КТК Суперлигасының жеңімпазы, Қарағанды облысы әкімінің КТК кубогының және студенттердің аймақтық ҮІІ фестивалінің Гран-При иегері. Әрі ҚарМУ түлектері Афина Олимпиадасының жеңімпаздары. Ел намысы сынға түскен сәтте, намысты қолдан бермей С. Сапиев, Д. Карпов, Г. Головкин қола және күмістен жүлде алып, қазақ елінің мәртебесін жоғары асқақтатты.

Бүгінгі таңда ҚарМУ-дың материалдық-техникалық базасында 12 оқу ғимараты, кітап қоры 1,6 дананы құрайтын 18 оқу залы бар ғылыми кітапхана, 30 компьютерлік кластар жаңадан жабдықталып, күрделі жөндеуден өткізілген 6 жатақхана санаторий-профилакторий, студенттер тұрмыстық кешені, 19 кәсіпорынды қоғамдық тамақтану комбинаты, «Шаңырақ» жастар орталығы, кондитерлік цех, «Аюлы» спорттық сауықтыру кешені, Балқаш-Топар көлдеріндегі демалыс аймақтары, Қарқаралыдағы оқу-сауықтыру базасы, 3 стадион, 11 спорттық зал, «Интернет» телекоммуникациялық орталығы, баспахана және оқу теледидары бар.

Биылғы жылғы ең үлкен жаңалық «Қаржы» және «Құқықтану» саласы бойынша ҚарМУ-дың экономика факультетінде колледж ашылған болатын. Бұл болашақ мамандығын заң және қаржы саласы бойынша таңдаған жастар үшін тағы бір үлкен мүмкіндік десек артық айтпаймыз. Колледжде кітапхана, жеке оқу залы, 2 компьютерлік сынып, спорт залы бар.

Классикалық университеттер дәстүрін жалғастыру, үздіксіз және іргелі білім беруді қамтамасыз ету, халықаралық сапа стандарттарын қолдану, жаңа білім беру технологияларын енгізу еңбек нарығында өз бәсекелестік қабілетін сақтау, Елбасы Жолдауы қағидаларына негізделген әлеуметтік саясатты жүзеге асыру - біздің университетіміздің негізгі миссиясы болып табылады.

Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ бүгінгі таңда ұлттық білім берудің көшбасшыларының бірі бола отырып, ел тарихында тәуелсіздікпен бірге дамып, тәуелсіздік жылнамасына елеулі ерен істерімен үлкен үлес қосуда. Қазақстанды шын мәнінде дамытатын, әлемдік өркениетті озық елдердің қатарына қосатын патриот мамандарды дайындайтын классикалық білім беруге, жас ұрпақтың бойында ұлттық бағалылықтарды қалыптастыруға еліміздің ғылымы мен білімін дамытуда, жастарымызға сапалы білім беріп,

азамат ретінде тәрбиелеуде университеттің ғалымдары, ұстаздары ұжымы үлкен еңбек етіп, жемісті нәтиже беруде.

Buketov university